



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сессия

Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда

Жалағаштықтар әр жылды нәтижелі қорытындылап келеді. Биыл да ауданда ауқымды жобалар жүзеге асты. Әсіресе Жалағашта жол құрылысы жарқын алып, елдің мәселесі ескерілуде. Тұрғындардың талап-тілегіне жүрдім-бардым қарамайтын аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауданның даму жоспарында көбінесе жергілікті жұрт көтерген мәселелердің шешіміне жауап іздейді. Биыл да халықпен кездесуде көтерілген мәселелердің көбісінің түйіні тарқатылды. Әсіресе ауылдағы ағайынның айтқан әрбір ұсынысының назарға алынғаны бізді қуантады.



Иә, жалағаштықтардың жылан жылына өкпесі жоқ, келер жылдан үміт те аз емес. Бірақ биыл расында ауданда жүзеге асқан ауқымды жобалардың ел игілігін көріп отыр. Қай саланы алып қарасак та, нақты мақсат бар, сол мақсат-міндеттерді жауапкершілікпен атқарудың соңы оң нәтижеге ұласып отыр. Кешегі аудандық мәслихаттың кезекті 37-сессиясында да ауданда биыл атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы мақсат-міндеттер пысықталды. Халық қалаулылары алдында жыл бойы ауданда атқарылған жұмыстарды кеңінен тарқатқан аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы келер жылы да осы ауданның дамуына, өсіп-өркендеуі жолында жарқын жобалардың жүзеге асатынын жасырмады.

Бұл – әр істің қорытындысы жасалып, нәтижелерге баға берілетін кезең. Биыл ұйымшылдық пен табандылықтың арқасында бірқатар жетістікке қол жеткіздік. Басты мақсатымыздың бірі жұмыс сапасын арттырып, халыққа көрсетілетін қызметтің тиімділігін күшейту болса, осы бағытта жүйелі істер жүзеге асты. Жыл бойы алға қойған міндеттер уақытылы және сапалы орындалды. 2025 жыл облысымыз үшін де, ауданымыз үшін де береке, ырыс мол жағымды жаңалықтарға толы жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, жаңа әлеуметтік, инфрақұрылымдық және өндірістік нысандарды аралап, облыстың даму қарқынымен танысты. Президентіміз облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулының еңбегін жоғары бағалап, «Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр, қарқыны жоғары» деп атап өтті. Бұл – баршаныңың өңірдің өркендеуі жолындағы табанды еңбектерінің, бірлік пен ынтымақпен атқарған жұмыстарының нәтижесі. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен және бірлескен жұмыстардың нәтижесінде ауданда ауқымды

жобалар жүзеге асырылып, тіректі салаларда серпінді қадам жасалды. Атқарылған жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталып, аудан экономикасында тұрақты өсім қалыптасты. Жалағаш ауданы барлық бағыт бойынша өсу динамикасын жалғастырып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда негізгі әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларына қол жеткізілді, – деді аудан басшысы

34 млрд 486 млн теңгенің өнімі өндірілген

Иә, Ардақ Әбдіғалпарұлының сөзіне алып-қосарымыз жоқ, шынында биыл ауданда атқарылған жұмыстың бәрі оң нәтижеге негізделді. Қай саланы алып қарасак та, өсу бар, өрлеу бар. Бір ғана өнеркәсіп өнімдерін өндіру 15,3 пайызға артып, 34 млрд 486 млн теңгенің өнімі өндірілді. Ал былтыр 10 айда бұл көрсеткіш 31 млрд 876 млн теңгені құрады.

Биыл өнеркәсіп өнімін өндіруде нәтиже бар. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өнімі есебінен 148,1 пайызға артып, 13 млрд 893 млн теңгенің өнімі өндірілді. Былтыр 10 айда 10 млрд 405,4 млн теңгенің өнімі өндірілген еді.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 8,3 пайызға артып, 17 млрд 898,2 млн теңгені құрады. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 33 млрд 95,8 млн теңгені құрап, 101,3 пайызға орындалды. Тұрғын үй көлеміне келсек, 18 443 шаршы метр болатын 113 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100,4 пайызды құрады.

Бөлшек сауда көлемі 3 млрд 443,8 млн теңге болып, 100,2 пайызға орын-

далды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 109,8 пайызға орындалып, 9 млрд 561 млн теңгені құрады.

2 млрд теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асуда

2025 жылға бекітілген аудан бюджеті 9,3 млрд теңге көлемінде қалыптасып, жыл көлемінде 10,5 млрд теңгеге нақтыланды. Оның ішінде жергілікті кірістер болжамы – 2,4 млрд теңге, субвенция – 4,5 млрд теңге, трансферттер – 2,2 млрд теңге, бюджеттік кредиттер – 1,2 млрд теңге.

Аудан бойынша 2025 жылға бюджеттен 2,1 млрд теңге бөлініп, 15 жоба жүзеге асуда. Аудандық маңызы бар жолмен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 2 млрд теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылуда. Тарқатып айтсақ, Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына 34,6 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Енді зертхана қорытындысы күтілуде.



Жалағаш 2-бетте

«Amanat»: атқарылған жұмыстар сараланды

Бейсенбіде «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Аққұм ауылдық округі» бастауыш партия ұйымында «Amanat – ел сенім, ел тірегі» атты жылдық қорытынды марапаттау кеші өтті. Шара барысында бастауыш партия ұйымының күнделікті қызметі жан-жақты таныстырылып, партиялық жобалар мен бастамаларды тиімді іске асыру, ұйымшылдық жұмыс сапасын арттыру мақсатында тәжірибе алмасу семинары ұйымдастырылды.

Елдік мүдде мен қоғамдық жауапкершілікті темірқазық еткен «Amanat» партиясының Жалағаш аудандық филиалы үшін өткен жыл табанды еңбекпен, жүйелі іспен, нақты нәтижемен өрілді. Бұл бір жыл бойы атқарылған ауқымды жұмыстарды саралап, ел игілігі жолында еңбек еткен белсенді азаматтарды ұлықтайтын мәні терең, мазмұны салмақты жиын болды. Шараға партия ардагерлері, белсенді мүшелер, қоғамдық жұмыстарға етене араласып жүрген азаматтар қатысты. Зал төрінде еңбек пен жауапкершілік, сенім мен сәт ұштасып, партия жұмысының бір жылдық белесі сараланды.

Бүгінде «Amanat» партиясының Жалағаш аудандық филиалына қарасты 22 бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді. Оның 14-і ауылдық округтерде, 8-і кент аумағында орналасқан. Аудан бойынша партия мүшелерінің жалпы саны 3262 адамды құрайды. Бұл көрсеткіш партияның аудан тұрғындары арасындағы беделі мен сенім деңгейін аңғартады. Жыл көлемінде партияның негізгі бағыттағы жобалары аясында бірқатар мазмұнды іс-шара ұйымдастырылған. Атап айтқанда, «Ардагер-



лерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында 44 шара, «Ұлттық мұра» жобасы бойынша 23 шара, «Кедейсіз келешек» бағытында 30 шара, ал «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында 35 іс-шара өткізілді.

Жылдан-жылға партия ұйымының жұмысы салмақтанып, қоғамдағы орны айқындала түсуде. Бұл – қағаздағы есеппен емес, күнделікті тіршілікті өзегіне айналған нақты іспен дәлелденіп келе жатқан үрдіс. Біздің аразмызда қоғам дамуына үлес қосып жүрген қатардағы мұғалім, қатардағы медбике, мәдениет саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер бар. Партия беделін арттырып, ел сенімін күшейтіп жүрген азаматтардың еңбегін бағалап, марапаттауды жөн көрдік, – дейді партияның Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева.

Жиында ол партияның әлеуметтік маңызы зор бастамаларына да тоқталды. Атап айтқанда, «Қарыссыз қоғам» партиялық жобасы аясында Жалағаш ауданы облыс көлемінде халықты қарыздан арылтуға бағыт-бағдар беру, кеңес арқылы нақты көмек көрсету ісінде алдыңғы қатардан кө-

рініп келеді. Сонымен қатар биыл ауылдық елді мекендердегі бастауыш партия ұйымдарының жұмысы да жоғары бағаланды. Облыс бойынша жүргізілген саралау нәтижесінде Жалағаш ауданындағы бастауыш партия ұйымдары алдыңғы орыннан бой көрсетті. Партияның әр мүшесін жіті танытын Қаншагүл Шонмұрынқызы әр жетістікке жеке тоқталып, еңбекті ерекше ықылыспен атап өтті. Сөзін нықтап, қолын сермей сөйлегенінен мақтаныш сезімін аңғармау мүмкін емес. Иығын сәл артқа тартып, еңсесін тіктеген күйі өріп-тестерінің еңбегін құрметпен жеткізді.

«Аққұм ауылдық округі» бастауыш партия ұйымының бастамасымен өткізілген шарада партия ұйымының күнделікті қызметі жан-жақты таныстырылды. Қатысушылар әр кабинетті аралап, атқарылып жатырған жұмыстармен танысып, партиялық жобалардың жүзеге асу барысына оң бағасын берді. Ұйымшылдық жұмыс сапасын арттыру мақсатында тиімді жұмыс үлгілері де ортаға салынды. Баспалдақпен жоғарылаған сайын күнделікті қарбаластың дауысы алыстап, тыныштық төрге озғандай. «Заман қан-

дай керемет, іздегенің табылар...» Төрге тауу ұлттық нақышпен безендірілген кабинетте тоқсанға таяған ақшаулықты әже немерелерін айнала отырғызып, ертегінің ескі сүрлеуін жаңғыртып отыр. Көзділдіріксіз-ақ өріп теріп отырған қарт жасы ұлғайса да, зердесінің әлі сергек екенін аңғартады. Кітап иісі аңқыған келесі бөлмеде тұтас бір отбасы жаңулық дәстүрді жаңғыртып, бірге кітап оқуға келіпті. Ал дәлізбен жүре бере, есіктен жартылай ғана көрінген көк кілемше үстінде би өнерін серік еткен бүлдіршіндердің қарасы байқалады.

Сөз бен ой тігінін саз бен ән алып, көш көрерменін баураған концерттік бағдарламаға жол берді. Партияның сайлауалды бағдарламаларын іске асыруда, қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып жүрген азаматтар «Amanat» партиясының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жан дос Нұртайұлының, «Amanat» партиясының Жалағаш аудандық филиалының төрағасы Әмірзақ Тұрымбетұлының атынан алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Кеш соңында көзге іліккені – сурет қояға арналған тақтайшаға ілінген бейнеге ұзақ қарап, ойға шомып тұрған қатардағы партия мүшесі. Даңғыра да жоқ, дарбаза да жоқ, Тек үнсіз қарап тұр. Ашамайға мінгіз, тұсау кесу сияқты ауыл қолөнершілерінің қолтаңбасы. Қарап көріп едік, қарапайым көрініс, үңілсең ұлттың болмысы, тәрбиенің өзегі жатыр. Жыл қорытындысын түйіндеген басқосу партия ұжымының жүйелі жұмыстарының айғағы болды. Шараның әр сәті бір ғана ойды айқын аңғартты. Бұл ұйым үнсіз жүріп, үлкен іс атқарып келеді. Елмен бірге болып, елдің мұң-мұқтажын естіп жүрген партия мүшелерінің еңбегі – бүгін де, ертең де өз бағасын табатын өлеулі жұмыс.

Гүлжан ЕСЖАН

Аймақ жаңалықтары

Бүгінде Қызылорда облысының аумағында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жыл басынан бері өңірде 11 елді мекен «көгілдір отынға» қосылып, 17 мыңға жуық тұрғын табиғи газды тұтыну мүмкіндігіне ие болды. Нәтижесінде, облысты газдандыру деңгейі 83 пайызға жетті.

Газдандыру деңгейі 83 пайызға жетті



Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биыл облыста 280 шақырым электр желісі, 87 дана қосалқы станция мен 40,2 шақырым өуе желісі қайта жаңғыртылды. 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымына қажетті көмір тұтыну жоспары 85,2 мың тоннаны құраса, қазіргі таңда 106,2 мың тонна көмір жеткізілді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс халқын орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамту деңгейі 98,6 пайызға жеткен болатын. Қалған елді мекендерді сапалы ауызсумен қамту мақсатында тиісті қаржы бөлініп, нәтижесінде Арал ауданындағы Ақбасты, Ерімбетжаға, Тастүбек елді мекендерін топпық су құбырына қосу және Қазалы ауданындағы Шөкен, Шитүбек, Сарбулақ, Шилі елді мекендерінде ішкі су жүйелерін салу жобалары аяқталып, сапалы ауызсу берілді.

Қазіргі таңда Арал ауданындағы Тоқабай және Абай елді мекендерін ауызсумен қамту жобасы аяқталу үстінде. Жыл соңына дейін облыс халқын орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамту деңгейі 100 пайызды құрайды деп күтілуде.

Биыл облыста 7,9 шақырым жылу желісі қайта жаңғыртылды. Нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 2 пайызға төмендеген.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірімізде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында қуаттылығы 240 мегаватт электрэнергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын құрайтын жаңа жылу электр орталығы құрылысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 215 млрд теңгені құрайды. Қазіргі таңда қуаттылығы 176 мегаваттық 2 дана газ турбиналық қондырғысы, 95 мегаваттық бу турбинасы, сағатына қуаттылығы 120 тоннаны құрайтын 2 дана бу қазандығы мен 150 гигакалория құрайтын 4 дана жылу қазандығы орнатылды.

Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» компаниясы тарапынан жылу орталығы тесттік режимде іске қосылып, 88 мегаватт электр энергиясын өндіру қуатын пайдалануға берді. Жыл соңына дейін қосымша 88 мегаватт қосылып, жалпы қуат 176 мегаваттқа жетеді деп күтілуде. Келер жылы бу турбинасы іске қосылып, қосымша 95 мегаватт электр энергиясын шығарады.

Газдандыру, ауызсумен қамту, электр және жылу желілерін жаңғырту бағытындағы жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ал жаңа жылу электр орталығының іске қосылуы алдағы жылдары өңірдің энергияға сұранысын толық қамтамасыз етіп, энергетикалық қауіпсіздікті күшейтеді.

Е.АНУАРУЛЫ

Әңгіме

Жылым

Таң қараңғысы. Жапалақтап жауған қар тоқтап, із басылған. Қарабүйрек тауының көлге құлаған күнгей бетіндегі көп саланың бірі – Жетім сайдан шыққан салт аттылар суыт. Тағалы аттар қар тоқтағаннан кейінгі жылымық ауаны қаба жұтып, желе-жортып келеді. Белдеріне салмақ салған екеуді елең құрлы көрмейтін секілді.

Мығымы – кү мүйіз құлжадай жіпкілі еркек Танаш та, серігі – жұттан шыққан серкедей сіңірлі азамат Ақбекен. Мосқал адам қабырғалы да қарулы. Жиырма бестен енді асқан жас жігіт сүзектен тұрғандай сылыңғыр. Екеуі де үзенгі қағысып, шылбыр үзіспей қатар келеді.

Аткөпір түскен желтоқсан қары тағалы тұяқтан жапырақ-жапырақ ұшады. Қарабүйрек тауы да, Зайсан көлінің беті де, Қызыл Көріш даласы да тып-тыныш. Таң қараңғысы ғана ақ шағала қармен шағылып, бозамық сәулелге бөліп қалған. Осы бір бозаң әлемнің көбесін сөгіп, мазасын алып келе жатқан да қос салт атты.

Әкелі-балалы салт атты үнісі. Қыран шолар, тазы салар қансонар таң да жақын. Бірақ қансонар күндер бұл өңірде бұлбұл ұшқалы қашан?

Көл бетіне ілікпелі тағалы тұяқтар дүрсілі шақ-шақ етіп, шырқынан жүйкеге де тиіп кетеді. Оған бірақ сыр алдырар емес. Суыт жүрістен, суық көзқарастан айнымайды. Була бозаң дүниеде жүздері қараяуыта шалынады. Алған беттері – Зайсан көлінің ортасы, көл ортасын көк киттей тіліп өтетін Ертіс өзенінің көкшұлан ұлы ағысы.

Ақ қар, көк мұз желтоқсанда ұлы ағысты жылымық қарай жеті түнде құлаған қос салт атты сапары сырт көзге жұмбақ. Бұлар аттанған Қарабүйрек – жазықта жайылып жатқан Зайсан көлінің жағасында жападан жалғыз томпаған бір қызық тау. Алыстан андағайлаған алып бейнесі де сыңар бүйректен аумады. Тау көтерер Толағай алыстағы Алтай тауларынан алабөтен бөліп әкеліп, көл қарындай толқып жатқан көл жиегіне қондыра салған сияқты. Жел-құз мүжіген мүсіні жаныған қайрақтай жұп-жұмыр.

Ал Алтайдың ақиық биіктерінен қырандай қалықтап құлайтын мол сулы Қара Ертіс көлдің ұзына бойын жесіп өтетін ұлы ағысқа айналып, алты ай қыста да қатпай, ұйықты жылымық болып жататын. Көл ортасында жыландай созылып, шымырлап жататын осы ұлы ұйық Қарабүйрек тауына тұспа-тұсты.

Таң қараңғысында ерге қонған екеу бір-біріне көз қиығын ғана салып қояды. Демін іштерінен алып, ата жауларын көргендей ақып, ат үстінде қаққан қазықтай қақиып алған. Бір-біріне жат. Сырттай сыр бермесе де, іштері алай-дүлей екені жүгенді жұмпарлай ұстап, тақымды тебіне қысып келе жатқандарынан ғана мәлім. Ат басын іркер емес.

Қара күзден тебінде жүріп, күні кеше ғана белдеріне терлік салынған құр аттар да сулықтарын шайнайды. Иелерінің ыңғайына жығылып, қамшы салдырмайды. Емшек тағалары көлдің көк мұзын біздей ойып, шешектей шұбартып келеді. Қыспастай қатар түскен іздері де сондарынан созылып, жарықақ сіңіп жатыр.

Белді күліктермен желдіріп келе жатса да, көздерін құла бозаң әлемге қадаған екеу өзді-өзі өмір белесін желе-жорта шолып, көл бетіндегі желтоқсан ызғарын ұмытып кеткен. Өмір деген ұлы көлдің толқыны толтырған әкелі-балалы азаматтар ұшта ой сілеміне оқта-текте бой алдырып қояды. Екеуі де жолға жайсыз орыс ері үстінде келеді...

Жалағаш 3-бетте

2 ҚОҒАМ

Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда



Қаракеткен және Далдабай ауылын- дағы 16 көшенің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу де осы жылы жүзеге ас- ты. Бөлінген қаржы көлемі 506,9 млн теңгені құрайды. Жөндеу жұмыстары жыл аяғына дейін толық аяқталмақ. Енді Қарақеткен жұрты жол мәселесіне нүкте қоймақ. Аққыр елді мекенінің 5 ішкі кө- шесін күрделі жөндеу де назардан тыс қалмады. Бөлінген қаржы көлемі – 180,5 млн теңге. Жоба 2026 жылға өтпелі. Жалпы құны 486,5 млн теңгені құрайды.

Иә, аудан әкімі осыған дейінгі халық- пен кездесулерінде «Маған барлық ауыл бірдей, сондықтан мейлінше қай елді мекеннің болсын, барлығының мәселе- сінің шешіміне теңдей еңбек етемін. Мейлінше сіздердің көтерген мәселе- леріңіздің шешіміне жұмыс жасаймын» деген еді. Ардақ Әбдіғаппарұлының бұл ұстанымға берік екенін аңғару қиын емес. Шындығында ол бұл сөзін ісімен дәлелдеді. Ауданның даму жоспарынан шалғай ауылдарды шет қалдырмай, ке- рісінше мұндай елді мекендердің тұрала- ған мәселелерін шешуіге басымдық бер- гендей.

– Аққыр ауылындағы спорттық жат- ығу алаңының құрылысына 16,5 млн теңге бағытталды. Бүгінде жоба толық аяқталып ел игілігін көріп отыр. Есет Батыр елді мекенінің ауызсу жүйесін жаңғырту және көңейту жұмыстарына да жергілікті бюджеттен 38,1 млн теңге қаралды. Жоба 2026 жылға өтпелі. Жо- баның жалпы құны 388,2 млн теңгені құрайды. Жалағаш ауданы, Қаракеткен және Далдабай елді мекендеріне газ құ- быры мен орамшылған газ тарту жө- пілерінің құрылысын бастауға облыстық бюджет есебінен 1 млн теңге қаржы бө- лілді. Жоба 2026 жылға өтпелі. Жобаның жалпы құны – 1 млрд 178,4 млн теңге, – деді Ардақ Ибраимов.

Биыл мұнан бөлек Қонысбек Қазан- таев атындағы мәдениет үйі ғимараты- ның шатырына жөй жөндеу жұмыстарын жүргізу, «Наркескен» спорт клубы тең- деріндегі ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстары, жабық бассейін кәсіпорны ғимаратына ағымдағы жөндеу, терро- ристік тұрғыда осал нысандардың қа- үісіздігін қамтамасыз ету, стадионға орындықтар орнату жұмыстары назарға алынды.

Бүгінге дейін аудан бойынша жалпы құны 20,3 млрд теңгені құрайтын 48 нысанның жоба-металық құжаттары дайындалып, республикалық және об- лыстық бюджеттен қаржыландыру үшін тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған. Бұдан бөлек алдағы жылдарға жоспарланған 10 нысанның жоба-металық құжаттарын әзірлеуге 107,1 млн теңгеге жобалау жұмыстары жүргізілуде.

238 жоба қаржыландырылған

Жалағаш жұрты соңғы уақытта кәсіп- пен айналысуға ден қойған. Көбісі бұл саланы қолдауға бағытталған мемле- кеттік бағдарламаларды тиімді пайда- лануда. Бұл қос тарапқа да тиімді. Бір жағынан кіріс көзі артса, екінші кезекте жұмыссыздық мәселесін шешуге де мүм- кіндік ашылады.

Ауданда бүгінге дейін 2795 шағын және орта кәсіпорник субъектісі тіркелді. Қазіргі таңда оның 2 696-сы, яғни 96,4 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. 2025 жылы кәсіпорник саласына қаржы инсти- туттары арқылы 3,2 млрд теңге тарты- лып, 238 жоба қаржыландырылды.

Мемлекет басшысының ауылдық жер- лердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, ауданда «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұ- мыстары жүзеге асырылып келеді. Биыл аталған жоба аясында әртүрлі бағыттар бойынша 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылып, 35 жаңа жұмыс орны құрылған.

Тарқатып айтсақ, өңдеу бағыты бойын- ша 13 жоба 58,9 млн теңге, асылтұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша 12 жоба 66,1 млн теңге, ара балы өндірісі бойынша 1 жоба 4 млн теңге, қос шаруа- шылығы бойынша 1 жоба 2,5 млн теңге, қызмет көрсету бағытында 6 жоба 35 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Бұдан бөлек аудан бойынша қосымша 35 млн теңгені құрайтын 5 жобаның құжаттары жинақталып, платформаға енгізу жұ- мыстары жүргізілуде.

Биыл өңірлік пул аясында ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын барлығы 4 инвестициялық жоба іске асы- рылуда. Олардың қатарында жалпы құ- ны 150 млн теңгені құрайтын «Ер-Әлі» ШҚ-ның «Күріш ақтау және жем өндіру» зауыты бар. Кәсіпорын жұмысын бастап, 5 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мұнан бөлек 50 млн теңгеге «Бей- барыс» ЖК-ның «Кондитерлік өнімдер шығару» цехы да жұмысын бастады. Нә- тижесінде 2 жаңа жұмыс орны құрылған. Сондай-ақ жалпы құны 380 млн теңгеге ЖК «Тәтті» А.Гаповананың «Сауда және ойын-сауық орталығы» іске қосылып, 2 жұмыс орны ашылды. Ал 422 млн тең-

геге «Таң ЛТД» ЖШС-ның «Өндірістік база құрылысы» жүзеге асты. Өндірістік база ғимаратының құрылыс жұмыстары толық аяқталып, құрал-жабдықтар орна- тылған. Желтоқсан айында іске қосу жо- спарлануда.

Облыс әкімдігінің сүйемелдеуімен жо- ба құны 51 млрд теңгені құрайтын «Хар- вест Агро Холдинг» компаниясының тех- никалық қарасора, жүгері және сояны өсіру мен қайта өңдеу бойынша агро-ин- дустриялық кластер құру жобасы іске асырылуда. Қазіргі таңда аталған ком- пания тарапынан егіс алқаптарын дай- ындау жұмыстары басталды. Жоба іске асырылғаннан кейін 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл жоба ауданға инвестиция тартумен қатар, жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің орындалуына да өз септігін тигізеді.

Келер жылы Ұлттық цифрлық инвес- тициялық платформа аясында (150 000 АЕК асатын жобалар) ауданда «Агро- химсервис-С» серіктестігінің жалпы құ- ны 905 млн теңгені құрайтын «Қойма- лар және шатыр» құрылысы жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Бүгінде қоймалардың 90 пайыздан астам жұ- мысы аяқталған. Қытай елінен құрал- жабдықтардың алғашқы легі келді. Жоба 2026 жылдың I тоқсанына дейін толық- тай іске асырылып, 5 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Дикандар күріштің әр гектарынан 60,1 центнерден өнім алды

Аграрлық ауданның ауыл шаруашы- лығы саласында бұған дейінгі жеткен жетістігі аз емес. Біз сол нәтиженің жыл сайын қайталанып, тіпті мол әрі сапалы өнім алуда рекорд жаңартылып жатқа- нына қуанамыз. Әсіресе қазірдей суы тапшылығы қат шақта тығырықтан шыға білген еңбеккерлер қырманды астыққа толтырып, әр жылды табысты қорытын- дылап келеді. Биыл да нәтиже жаман болған жоқ.

Иә, ауыл шаруашылығы – ел эконо- микасының маңызды әрі стратегиялық бағыты. Бұл сала елдің азық-түлік қауіп- сіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ауылдық жерлердегі халықты жұмыспен қамтуда да шешуші рөл атқарды.

Биыл ауданда тамақ өнімдерін өн- дірудегі негізгі капиталға салынған ин- вестиция 1 млрд 862,1 млн теңгені құ- рады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 315,7 пайызға, ауыл орман және балық шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция 942,1 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 65,9 пай- ызды құрады.

Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы саласы толығымен суар- малы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Жалағаштағы 383 шаруашылықтың 210-ы егілмен және 173-і мал шаруашылығымен айналы- сады. Биыл еліміздің барлық өңірінде су тапшылығы орын алып, бұл қиын-дықпен біздің аймақтың дикандар қау- ымы да бетпе-бет келді. Десе де Мем- лекет басшысының, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен дала дарабоздары жаңа заманауи техноло- гиялар мен техникаларды тиімді пайда- лана отырып, ел ризығын ысырапсыз жинап алды.

2025 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәй- кес ауданда 36 712 гектар жерге егін егіл- ді. Оның 19 357 гектарына Сыр салысы егілді. Күзгі науданда ер гектардан 60,1 центнерден өнім алынды. Қамбаға бар- лығы 116 331 тонна өнім қуылды. Жер- гілікті шаруашылықтар тарапынан биыл 1,1 млрд теңгеге 21 дана ауыл шаруа- шылығы техникасы сатып алынды. Егін жинау қорытындысымен Жалағаш ау- даны облыста «Ауыл шаруашылығы са- ласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясын иеленді.

Егін шаруашылығымен қатар ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Ауданда барлығы 35 226 бас мүйізді ірі қара, 28008 бас уақ мал, 30021 бас жылқы, 752 бас түйе, 9 431 бас құс өсі- рілуде. Биыл 3185,1 тонна ет, 4456,6 тон- на сүт, 257,4 мың жұмыртқа өндірілді. Өткен жылмен салыстырғанда ет өндірісі 101,3 пайызға, сүт өндірісі 100,8 пайызға, жұмыртқа өндірісі 100,1 пайызға орын- далған.

Жалағаш ауданының жер қоры 2 873 640 гектарды құрайды. Оның ішінде 591 563 гектары Қарағанды облысынан ұзақ- мерзімді пайдалануға алынған. Бұдан басқа Жалағаш аумағының 11 149 гектар жері Ресей Федерациясына пайдалануға берілген.

Пайдаланылмай жатқан және Қазақ- стан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып отырған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Биыл ауданда ауыл шаруашылығы мақсатындағы 12 мың гектар жер мем- лекет меншігіне қайтарылған. 7 мың гек-



тар жер учаскесі қайта айналымға өңгі- зілген. Келер жылы аудан бойынша 57 мың гектар жер учаскелері қайта айна- лымға енгізіледі.

Соңғы жылдары ауданда жол құры- лысы қарқын алып, елді мекендердің ішкі көшелері орташа және күрделі жөндеуден өткізілуде. Сондай-ақ ауылдарды аудан- мен байланыстыратын жолдар да назар- дан тыс қалмады. Биылдың өзінде жал- пы құны 2,6 млрд теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылуда. Оның ішінде 2025 жылы 2 млрд теңге бөлінді. Қалғаны 2026 жылға өтпелі.

Аудандағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 94 пайызға (2024 жылы 88 пайыз), ішкі кө- шелердің үлесі 86 пайызға (2024 жылы 83 пайыз) жетті.

Елді мекендерді ауыз сумен қамтама- сыз ету бойынша нақты нәтижеге жұмыс жасалуда. Бүгінде аудан халқы 100 пай- ыз орталықтандырылған таза ауыз су- мен қамтылған.

Аудан жұртының 51,5 пайызы «көгілдір отын» тұтынады

Осыған дейін кентке газ тартылғанда бөрімсі қуандық. Бүгінде аудан орталы- ғын бйлай қойғанда, Жалағашта ауыл- дағы ағайын да көгілдір отынның игілігін көре бастады. Қазірдің өзінде аудан хал- қының 51,5 пайызы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр.

Өткен жылы аймақ басшысының қа- тысуымен Ақсу, Мөрәлі Шәменов елді мекендері газге қосылды. Бұл мақсатқа бюджеттен 1 млрд 83 млн теңге қаржы бөлінді. Енді басқа да ауылдарға газ тар- ту жұмыстары басталды. Қазіргі таңда Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленді. Мемлекеттік сатып алу конкур- сы өткізіліп, мердігер мекеме де анықтал- ды. Жалпы келісім-шарт құны – 1,1 млрд теңге. 2025 жылға облыстық бюджеттен 1 млн теңге бөлініп, құрылыс монтаждау жұмыстары басталуда.

Сонымен қатар Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру жұмыстарына жоба құны 1 млрд 329,7 млн теңгеге демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленді. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы- на бюджеттік өтінім ұсынылды.

Жалағаш ауданы бойынша электр же- лілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақы- рымды құрайды. Өткен жылы Мырзabay ахұн, Т.Жүргенов, Есет батыр елді мекен- дерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық бюджеттен 922 млн теңге бөлініп, пайдалануға бе- рілді. Аталған жобалар нәтижесінде ауд- дан бойынша электр жүйесінің тозу дең-гейі 40 пайызды құрап отыр.

Әлеуметтік салада да оң серпін бар деп айтуға толық негіз бар. Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – негізгі міндет. Бұл бағытта нақты жоспар бойынша оң нәтижеге қол жет- кізуге жұмыс жасалды. Жалпы жұмыс- сыздық деңгейі 5,1 пайызды құраса, жас- тар арасында жұмыссыздық деңгейі – 4,4 пайыз. Биыл ауданда қараша айына дейін 880 жаңа жұмыс орны ашылған.

Жалпы ауданда қай саланы алпы қарасақ та, оң нәтиже бар, әрбір істің нақты мақсатпен атқарылғаны анық бай- қалады. Әсіресе соңғы жылдары білім саласында серпін қалыптастып келеді. Биыл да бұл салада нақты нәтиже бай- қалады. Мұның бәрін салаға көрсеткен мемлекет қолдауымен байланыстыра- мыз.

Биыл 262,5 млн теңгеге аудандағы бірқатар мектеп жөндеуден өтіп, мате- риалдық-техникалық базасы жаңар- тылды. Тарқатып айтсақ, кенттегі №31 мектеп-гимназиясына жөй жөндеу жұмыс- тары жүргізіліп, №32, №201 мектеп-ли- цейлері мен №38 мектептің ғимараты жөндеуден өтті. Сондай-ақ 3 мектептің (№31, №122, №202) ауласына жаңадан спорт алаңы салынып, 2 мектептің (№246, №201) спорт алаңдарына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Бұлардан бөлек биыл «Қазақстан халқына» қоры есебінен 200 млн тең- геге №33 мектеп, №32 мектеп-лицей, №117 мектеп, №38 мектеп, №202, №246 мектептердің кабинеттері қайта жабдық- талды. Бұл ауданда ауқымды жұмыс- тың атқарылуы, мұғалім мен оқушыға тиімді жағдай жасалуына өз септігін ти- гізуде.

Ауданда мәдениет саласында да ау- қымды жобалар іске асырылуда. 2025 жылы «Адал адам» мәдени-тәрбие ор- талығы жобасы аясында бүгінге дейін түрлі форматтағы 1 219 іс-шара өт- кізілді. Биыл аудан үшін ең ауқымды жобалардың бірі аймақ басшысының қол- дауымен жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығы ғима- ратының құрылысы жүргізіліп, ел игілігіне табысталды. Аталған ғимаратта неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар ор- талығы, ардагерлер мен аналар үйі орна- ласты.

Спорт саласындағы жетістіктеріміз де аз емес. Бүгінгі таңда 14 мыңнан аса аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұ- рақты айналысады. Бұл жалпы тұрғын- дардың 40,5 пайызын құрайды. Аудан спортшылары әлемдік және Азия чем- пионаттары мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 279 медаль алып, жо- ғары жетістіктерге қол жеткізді.

Аймақта спорт саласын дамытуға айрықша көңіл бөлініп, сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталауда. Оның нақты көрінісі Жалағашта да байқалады. Биыл аудан орталығында жалпы құны 471,6 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру көшені салынса, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 172,5 млн тең- геге Аққыр ауылдық округінде спорт көшені пайдалануға берілді. Сонымен қатар жалпы құны 180 млн теңгеге Қазақ- стан Футбол федерациясының «АЛАҢ» жобасы аясында орталық стадионның жасанды алаңы қайта жабдықталып, жергілікті бюджет есебінен толық жаң- ғыртудан өткізілді.

Ауданда денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Типтік үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емхана аудан тұрғын- дарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде. Биыл «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы ая- сында ел қазынасынан 388,7 млн тең- геге Қаракеткен ауылында типтік жо- бадағы жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Сонымен қатар диагностика саласындағы қызметтің са- пасын арттыру мақсатында жалпы құны 62,4 млн теңгеге заманауи ультрады- быстық диагностикалық аппараты сатып алынды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жалағаш ауданында қарқынды жүзеге асуда. Бүгінде тек мекеме қызметкерлері ғана емес, ауд- дан жұрты да тазалықтың ортақ міндет екенін шын сезінгендей. Мұның айқын көрінісі сөнбілік жұмыстарда анық байқа- лады.

Мемлекет басшысының аймақтарды аббаттандыру және көгалдандыруды бас- тау жөніндегі тапсырмасына сәйкес, елі- мізде «Таза Қазақстан» экологиялық бағ- дарламасы жүзеге асырылуда. Ауданның барлық елді мекенінде санитарлық тазар- ту, аббаттандыру және көркейту-көгал- дандыру жұмыстары жүргізілуде. Көңт, ауылдық округтерде орналасқан сквер- лер мен парктер, тарихи-мәдени ескерт- кіштер, әлеуметтік нысандар, бизнес нысандары, су объектілері (өзендер, көл- дер, жасанды су айдындары, арықтар және т.б) мен көшелердің бойы тазарты- лынды. Нәтижесінде 4980 тоннаға жуық қатты қалдықтар белгіленген орындарға жинарылып, оған 540 техника жұмыл- дырылды. Сондай-ақ аудан бойынша 32 800 дана өңірдің климатына сәйкес жер- сінетін қарағаш, терек және сырталының көшеті егілді.

– 2025 жылы аудан көлемінде атқа- рылған жұмыстардың барысына және ал- дағы міндеттердің ретін қысқаша баян- дадым. Халықтың өл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамаларды бірлесіп жү- зеге асыру елдік шаруа, мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің ортақ мінде- ті деп білемін. Алдағы уақытта ауданды әлеуметтік-экономикалық дамыту және мәдени-рухани жаңғырту бағытында бірлесу жұмысы жасаймыз деп сенім біл- діремін. Ендігі біздің ортақ міндет – осы жетістіктерді еселеп, басталған жоба- ларды одан әрі жалғастыру және барлық көрсеткіштерді көпмәртептей, халықтың өлеуетін көтеру. Атқарылар жұмыс көп, мақсат-міндеттер де жоғары, жоспар- ланған жұмыстарды іске асыруға толық мүмкіндік бар деп есептеймін. Бұл ретте ортақ мақсат жолындағы біздің бірлескен жұмысымыз табысты болады деп сенемін, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Сессияда мұнан бөлек 2026-2028 жыл- дарға арналған аудандық бюджет жайы қаралды. Бұл жөнінде аудандық эконо- мика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы кеңінен тарқатты. Сондай-ақ «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері» жөніндегі тұ- рақты комиссия төрағасы Гүлзат Құр- манбаева да хабарлама жасады. Мұнан бөлек 2026-2028 жылдарға арналған Жа- лағаш кентінің және ауылдық округтердің бюджеттері пысықталды. Жалағаш аудандық мәслихатының жұмыс жоспары бекітіліп, 2026 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету жайы, Жа- лағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы мәсе- лелер пысықталды. Сессия отырысында ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов пен аудандық мәслихат депутаттары аудан- ның әлеуметтік-экономикалық даму көр- сеткіштеріне жоғары баға беріп, алда ат- қарылатын жобаларға қолдау білдірді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

БАСЫ 1-BETTE

Біле жүріңіз

Мемлекеттік қызмет жүйесінде халықтың өтініштері мен сұраныстары басты басымдықтардың бірі болып табылады. Әрбір азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы – мемлекеттік басқарудың негізгі қағидатының бірі әрі қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтатын маңызды тетік. Осы тұрғыда департамент өз қызметінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға айрықша мән беріп, өтініштерді заң талаптарына сәйкес, әділ әрі уақтылы қарауды тұрақты назарда ұстап келеді.



Басты міндет — қызмет алушылардың құқығын қалпына келтіру

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өңір аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды негізгі міндеттің бірі деп санайды. Осы бағытта мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету, қызмет алушыларға қолай- лы жағдай қалыптастыру, қызмет көрсету үдерістерін оң- тайландыру және цифрландыру, сондай-ақ азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда.

Бұл шаралар мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға және қызмет көрсету мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Депар- таментке мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қатысты қызмет алушылардан келіп түскен шағымдар заң шеңберінде қаралып, тиісті шаралар қолданылуда. Мәселен, биыл қазан айында департаментке қызмет алушыдан жерге орналастыру жобасын бекіту бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі тарапынан негізсіз бас тарту фактісі бойынша шағым келіп түсті. Атап айтқанда, қызмет алушының жер учаскесіне жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуден бас тартуға үшінші тұлға болып табылатын азаматтың аталған жер учаскені заңдастыруға қарсы екені жөніндегі арызы негіз болған.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 маусымдағы №180 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларының» (бұдан әрі - Қағида) 2-тармағы 12) тармақшасына сәйкес үшінші тұлғалар жерге орналастыруды жүргізу кезінде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын тұлғалар болып табылады делінген. Алайда қызмет алушының жер учаскесі мен шағым беруші азаматтың учаскесі арасында ортақ пайдаланылатын бос жерлер болуына байланысты шекаралас емес екені үшінші тұлғаның құқығы қозғалмайтыны анықталды.

Қағиданың 13-қосымшасындағы жер учаскесін келісу жоспарында үшінші тұлғалардан келісім алу міндеттілігі көзделмеген. Аталған шағымды зерделеу аясында де- партамент тарапынан жүргізілген жоспардан тыс тексеру нәтижесінде Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімімен «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тартылғаны анықталды. Тексеру нәтижесімен департамент тарапынан енгізілген ұсыну негізінде қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтіріліп, өтінімі бойынша жерге орналастыру жобасы бекітіліп ұсынылды.

Мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі белгіленген мерзімде көрсету, сондай-ақ олардың нәтижесінде қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің толық сақталуы мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін айқындайтын негізгі өлшемдердің бірі болып қала береді. Бұл бағыттағы талаптардың орындалуы – халықтың мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін арттырудың маңызды алғышарты.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мәселесі алдағы кезеңде де департаменттің тұрақты бақылауында болады. Заңнама талаптарының мүлтіксіз орындалуын қадағалау, анықталған бұзушылықтарға уақы- тылы және тиісті шаралар қолдану департамент қызметінің басым бағытының бірі ретінде жалғасын табады.

Егер мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде заң талап- тарының сақталмау фактілеріне жол берілген жағдайда, атап айтқанда, қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту, артық құжаттар талап ету немесе белгіленген тәртіптің бұзылуы орын алса, әрбір азамат өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін департаментке жүгінуге құқылы. Азаматтарды бақылауда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі 1 мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады.

Динара ТЛЕПБАЕВА,
ҚР Мем

3 т а н ы м Ж ы л ы м

Орыс ерге таңылған олар жылан жұтқандай жабырқау...Таң асқан тоқжарау аттар оқта-текте пысықып қалады. Қарабүйрек тауынан ұзап, көл бетіне деңдей еңгелі таң да Сарытау биігінен сыз берді. Аңқұс ізі әлі түсіп үлгермеген қансонар кеңістік бозаң күйден бозмұнар түске боялды.

Жиырмаыңн бесуейне бел артқан Ақбекен әкесіне көз қырын тастап өтті. Егуді өсеріп кететін баршылыс Танаш баялы бір «банды» атанған кезіндегіей бесатарын жауырынына қиыстай асыпты. Қызыл пілуішпен көмкерілген төрт сайлы түлкі тымағының түгін бозқырау шалыпты.

Құдай-ау, бұл әкесі не көрмеді? Бәрін де көрді, бәрін де бастан көшті... Бәріне де шыдады! Ал өзі ше? Иә, не көрді? Неге шыдады?

Ақбекеннің жүрегіне суық қанжар қадалғандай тіксініп, тұла бойына болымсыз толқын жүгіріп өтті. Бойы мен ойын дереу жиып алды.

Ат шашасын қапқан көбік қар тақтайдай тегіс мұз бетінде бөгіп жатыр. Ажалға асыққандай бұлар желе-шоқыта жосылтып келеді. Ажалға қарай асығып келе жатқаны да ақиқат... Ақбекенді ажал торығалы қа-шан?!

Он жасында ел ішінде «көмпексе», «тәрігі» жүріп, жалпақ жұрт жауынды бұлттай бұзылды. Ертістің бойы сынысқан мап, толған жан еді... Ағайын-бауыр апаласп тигендей бай-кедей болып бөлінді. «Тап жауы» деп тескен тау әскерді бұған шыдамаған белділер шықарас асты. Әкесі сөкілді білектілер бесатарға оқ жүгіртті.

«Банды» деп ұсталған әке Сібірге жер айдалды. Ал бұл болса, 1932-нің аштығын көріп, жалаңаш-жалпы жетімдікті тартты. Бозторғайдай шырылдаған ананың арқасында аштық тырнағынан аман қалды. Зайсанның май шабағы құтқарды... Ал он жасында көз жазып, көмескі тартқан әкесін көріп тұрғаны көше. Ардаа алмағайып уақыт сынаптай сырпылты. Әйтеуір асыл сүйек Ібір-Сібірден аман-есен оралыпты елге. Ал бұл... Бұл ұлы қан-қаспай таманнан оралды.

Ат басын ірікіп қалды. Әкесінен құйысқан аралық қалып қойды. Содан ғана құла тамнан күлмеденгіз міз бақпаған әкесі: – Шаужайлама! – деп саңқ өтті бұрылмаспан.

Салт аттар қайта қатарласты. Темір үзеңгілер жанай тіпсіп, шақ-шұқ өте түсті.

Ақбекен ажалдан да, айылын жеміс адамнан сенекенген жоқ, бірақ дөм-тұзының таусылар шағын бағында бағамдап қойған. Көңілінде көптен артық емесіп, майданда шейіт көтермін деген ой шердей толқып жүрді... Соғыста екі рет жеңіп жараланды, бірақ тік тұрып кетті. Бірі – Мәскеу түбінде, бірі – Сталинград қоршауы ішінде. Шлагин автоматын құшақтап, қолма-қол қала ұрысында душпанын пышақтап, шыбын жанын аяған жері жоқ.

Ажалы жоқ екен. Арманы бірақ бар екен. Ол: «Шіркін, туған жерге, аяулы анама бір оралсам!» болды. Құдай жар болды, бұл тілегіне де жеткізді... Бірақ қатал әкеге көз болып, әке кесімін келіп өте алмай, анасының жүзін көре алмай, жылымға қарай жылыстап барады.

Сол анасы еді, көлде қабырғасы қайсыып, құрма ауды білектей тартып, тұз сасыған балықшы болып жүрген жеріңең, «көзінді аш, Алматы ас, оқу оқы» деп жұмсаған. Сол анасы еді, Танаштың тесегін таза ұстап, некесін бұзбай, «текті тұяқтың тұқымысың, жақсы атың шықсын» деп бата берген. Сол анасы еді, «көкенді түбі сен ақтайсың» деп алған.

Он тоғызында Алматы аралап, институт сағалап, «Әдебиет және тарих» факультетіне түсті. Төртінші курсты тәмамдап жатқан маусымда батыста соғыс оты тұтанып, алғашқы боздартарды бірі болып майданға тоғытылды. Талай жан қырышынан қиылды, талай жан мүгедек болып қалды. «Қырық жыл қырыан болса да ажалды өледі» деген аталар сөзі ақиқат екен майданда май шабақтай адам аулаған ажал мұны айналып өтіпті. Бұл ебін тауып Алтайға да жетіпті... Су шілдегі бар екен.

Тағалы тұқтар көз мұзжын оймақтай ойып, көл ортасына қарай жақындап келеді.

Қар жамылған қансонар өңірге жарық молынан жайылды. Күн бірақ бұлыңғыр. Көл үстін күңгірт бір тұз көулетті.

Танаш қарттың да көңілі күңгірт. Күңгірттенбей қайтсін, жар дегенде жалғыз жерге қаратса... Сүйіпте келтесей таңба басса. Көргеніме ба а еді? Көрем деген осыға еді?!

Он алтының ойранында отыз үш жасар Танаш ақ патшаның «майдан қара жұмысына қарусыз қазақ аламыз» дегеніне қарсы дүрліккен көпкен қолына қару алған. «Көмпексе» мен «тәрігінің» тұсында да тізе батырғандарға бейтарап көзегенгі рас. Алтайдың ақ тиінін көзден байлап атқандай, қызыл кеңірдек көрдендердің басын ажалға тіккені тағы шындық. Жырмыа тозызының жылы қол-аяғы байланып, Сібірге айдалып, бір құдайға жалынып, Сақа жерінде жуан қарағай жықты. Талай ер азаматтың жүзі қалғы орман жапырағымен жабылып, тәнін тұтанға батпаға жұтты. Сталиндік өлім лагерінде бөріше қарысып бақты. Бір құдай жар болып, соғыс басталған жылдың күзінде жеңілдік беріліп, «тылға керексін» деп елге қайтарылды.

Жарының адалдығына куә, ұлының ұлы сұрапыл аштықпен асынып жүргеніне шірдей разы болған... Әкіметтің майданға дайындап отырған Мархақөл қып-қырықтысын шашу шығармай, жылымға жұтқызбай, алансыз жылқы қуып, Бас жылқысы атанып жүр еді. Бас уайымы сөйліп, бар уайымы еңіреулі ел мен мал жапы еді.

Жұтта жылым демейші, осы өткен түн Қарабүйрек қуысындағы қоста көзі ілініп кеткенде, бағыя Шонжыр-байдың қалың жылқысын көріп еді. Он алтының жыл-ғы Қызыл Көріштегі оқпаты айна-қатесіз түсінде көрді.

Ақпанның от құлғы көрінбес ақатас бораңында ыққан қалың жылқы қамысты қопанын ішіне дүркірей еңген. Бар сумдық сол сөйгез қамысты қопаның ішінде болған. Жобағы мен тайдың жұқа шабын көіп тұрған нар қамыс алдаспанаа ақтарып, бұз биелердің жер сызған қарындарына найзаша қадалып, қанша жануар жазауыңа құрабан болып еді. Он түсіне сол Шонжырбайдың қалың нөпірі қылқуыртықты Қара-бүйректен шығып, кит жонындай көкжолқатана көсініп жатқан жылымға қарай ұрпай барады. Бұл астындағы көкшопак атпен қуып келеді. Бірақ үріккен мал жеткізес емес. Құландай шошыған қалың жылқы мұз үстімен дүркірей жосып, көл ортасында еріп жататын Ертістің ұлы ағысына араңдай барып тұтылғаны... Арқырай кісінеп құлағаны... Қаншама жүйрік қылқуыртықты ұлы жылым жым-жылас жұтқаны...

Жылқының ашты кісінеген үнінен оқис өңіп кеткен. Қос іргесінде қантарылып көкшопак кісінеп, мұны таң алдында тұрғызып жіберген. Қашқын ұлы Ақбекен болса, қос іргесінде теріс қарап жатыр. Уйықтап жат-қаны, ояу екені белгісіз.

Далаға шыққан. Қар басылыпты. Қара бозаң түн қансонар тілеп тұр. Он жеті жасар көмеші – бозбала жылқышы түйінке күзетке кеткен еріс жатқан да сыбыс жоқ. Көшеден бері жауған қардан көйін бұлантықан бозаң әлем демін ішіне тартып, тым-тырыс күйде қал-ғып кетіпті.

Ит жекен жатқан оралып, жылқы бағуға шыққалы банды болған кезіндеп бесатарын Бөкенбай тауын-дағы киізге орап тұтқан жерінен алып, түңгі күзетте ерісте ұстайтын. Далаыңн төрт сирақты ит-құсынан адамдың әкі аяқты «ит-құсы» қауіпті жыртықша айналған бүгінгі күн! «қарусыз жүру – өліммен тең» деп санайтын Танаш ымыртай өрістен алып келген. Боз-бала жылқышыға он алтының мылтықты оқтап бер-ген. «Жылқы – жел мен жаудың малы» деген жалқы ой санасына сіңген жұрт емес пе, қаруды менде серт ұстаған.

Таң алды аян бергендей кірген түсін тағы да еске алып қойды. Алпанның өзі «жылымға қарай аянда» деп ой салғандай болды... Қосқа бұрылды.

Түр! – деген ұлына доңызша қос етіп, қосқа ба-сын сұғып.

Қантарылы көкшопак атқа өзі мініп, бесатарды



мыққа асынып, бозаң түнді жамыла көлге қарай тартып отырды. Ақбекеннің астындағы күрең бесті тастақты күтірлете ілесті. Көпісін түскен қар үстінде тұяқтардың пар ізі бадырайып қала берді.

Таң қараңғысында салбыруыға аттанғандай сар желіспен сартылдаған қос салт аты танды атырып, бұлыңғыр күнді батырардай бебеулетіп келеді. Танаштың беріш жүрегінің бебеулейтін де жөні бар. Белінен шыққан жалғыз ұлы еді Ақбекен. Орыс кемпір Аня шөппен емдеп жазбағанда, осы қу жалғызды ауыр босанып, жатырқ қайғынан әйелін жер жұтар еді... Аня ажалдан арашалағанмен, бәйбішесі бедеу болып қалды.

Кейін ел бүлінді, жұрт сөгілді... Қарындас қақ айырылды, жамаяғат қақ жарылды. Таудың қарғын сұнайдай қия қуалап, жуа талмап кетті. Тоқал алып, ұрпақ көбейту былай тұрсын, соқа басы саудаға салынды. Малы талауға ілікті, жанғы қамауға түсті. Ал Ақбекені даланың киігіндей жалғыздық көрді... Танаш түлкі уақыт пен аю заманның құрбаны болды... Ал бүгін Ақбекеннің аяқ астынан апалестей алдынан шығуы – сол сұм заман сорының соқтасы. Бұл әке болып оған не істеді? Не көрсетті? Аштық пен қоршаылық. Адасушылық... Жо-жоқ! Бұл ақсақан жоқ. Адам атса да, еңіреген ел үшін, жетім-жесір жұрт үшін! Бөкенбайдың бұлан жонында бес жүз үйдің шыңырағын ортасына түсіріп, ошағын өшіргенде өкіметті аяған жері жоқ. Бұл да қанына қарайды. Астындағы сауқат желіген көкшопак пысықарынды. Кеше де көкшопак қос басына пысықарына тоқтағанда, іштен еселдір сақал-мұрты өсіп кеткен, «кзектер» киетін қара құлақшын астынан сауыс-сауыс шашы сабалақтана иығына түскен албасты атып шыққанда сексеніп те қалып еді. Сілеусінің көзіндегі сырғылт жанарын қадаған ұлы: – Әке! – дегенде селк өте түскен.

Тез есін жиып: – Жоғал! Әкең емесіп мен... Садаға кет! – деген бұл.

Ойына қара күзде ауылсовет ағайыны келіп «Ұлың соғыстаң одан Сібірдегі абақтыдан қашып кеттіңі... Білсең хабарла» деген ескертү қамшыдай осып өткен еді!... Содан бері санаасы сан-сақа бөлініп, ұлына деген қаны сұйылып жүрген. Ал әке мен баланың осы бір оғаш кездесуі екеуін де тығырыққа тіреп, тілдерін байлап тастады.

Алпысты алқымдап қалған әкесі арада он төрт жыл өтсе де өзгере қоймапты. Ақбекен жазбай таныған. Қақ маңдайдан қамшымен тартып қалғандай, бір орнында состиып тұрды. Әкесінің сөзі атылған оқтан да ауыр тиді. Қостан қосанжарласа атып шықсын бозбала жылқышы да көзі атыздай болып Танашқа тесірлейген. – Қосқа неге өңгізесің? – деген әкесі зілмен. – Өлтіріп кетсе қайтсін, қайдағы қашқын-пысықпы?! – Мен... аға, сәтсід ұлыңызыбын деді... Сосын... – Қайдағы ұл, өкенің аузың?! Мен қубасын... Тіліңді тарт! – деп әкесі жылқышы көмекшісіне зекіп тастаған.

Ақбекен үндемеген күйі әке сөзінің қорғасындай ауыр зілін түсіген. Өзін әке алдында жет қуған қанбақтың жәні күйеу күйде сезінген. Танаш: – Тез жылқыға тарт! Біреу-міреу кездессе, мына адам туралы аузыңды ашушы болма! Сотталып кетесің, – деген сөзіне Ақбекен мен бере алмай мәңгірген.

Ал жылқышы бала ата келіп жөнелген.

Әкесінің соңынан қосқа қалыңға кірген еді. Қос қабат киізбен жабылған кереге қос іші құрықтайдың ұясындай жылы еді. Босаға көзіндегі қазаннан әкесі жабағының етін алып, жерге жайылған дастарқан үстіне қойды. Ол үн-түңсіз тамақтанды. Жылқы сорпасына сарымай қосып ішті. Мұның бар-жоғын елең құрлы көрмеді. Асқа да шақырмады... Ақбекен бірақ қоста қалған қосшы баламен кеше көштен бері ток еді.

Үнгі жылқы күзетінен келген әкесі төрге озған қалпы киімішен күйде қот өте түсті. Ақбекенді кісімісі, итісіні деген жоқ. Шалқасынан шалжия жатты. Ақбекен әкесінің сыз қабақ, суық сөзін салмақтай алмай асыпқа шықты. Дүние дел-сал тартып, желтоқсан сыртасы бұлыңғырлана түсіпті. Қар ұшықндап келеді.

Жетім сайдың шығар аузына тіптіген ықтасын қостан аулағырақ барды. Әйліңде ұшықпадан қар молайып, маңайды ақ кіреуек перде тұтты. Жел-желемсіз жауған аппақ тасқын асты аязсыз. Желтоқсан жылымыққа бөгө қалыпты.

Ақбекеннің бірақ атқалақтаған жүрегің ызар қариды. Жапырағынан жұрдай болып айырылған көк теректер мен сыңар өскен ақ қайыңның қасына барды. Бұл да мынау көп теректің ортасында қалған сыңар қайындай сезінді өзін... Сыңар екені сөзсіз. Жалғыз қалғаны да шындық. Енді мұны ешкім де ма-нында жұтпас.

Дүниені көзген далауадай шығу айналып келіп әкесінің қосына тап болмады ма? Көл жағалап отыр-ған ауылына ат шалтпырм қалғанда, қара қостың үстінен шықты. Бұл да тағдырдың жазғаны да... Түн жа-мылып ауылға өнем, анамды көрем деген тілегің қара қос кесті.

Қостағы жылқышы бозбаланы көргенде қуанып та қалған. Одан әкесі туралы хабарды естігенде бір қызарып, бір бозарған. «Қашқында қалай қарсы ала-ды?» деп ойқы-шарқы ойға батқан. Ақыры көңілдегі күдігі ақиқатқа айналды. Әкесі бетін теріс бұрды...

Алтайдың басындағы Чердыяқ қорғасын кенішінен қашып шығып, Құзындығын бауырлап, Қаражалды сауырлап, Майтерке пен Бөкенбай өңірін түн қатып жүріп жеткен тағдыр туығын бұл Әкесі үшін Ақбекен шактадан емес, майдандан қашқан «қашақ»... Дезертир. Ал Ақбекен дезертир емес еді ғой.

Сталинградтағы жауды қоршауға алып, азып-тозған тұтқындарды көзбен көріп, жеңіс тойын той-лаған қырық үлгітп ақланы күні кеше болатын. Ақбе-кенге сыртынан тісін қайрап жүрген хавказдық жүндес политрук: – Ойсылар, тұтқындарға жаны ашиды. Аузындағы тушонкасын жиыры беремі. «Мен мұсыл-манмын» деп қалбырдағы етті жемейді... Аузынан жиырып жауды жарықпағанда, ашығып жатқан ле-нинградтықтарға жіберсін – деп көкейткен – Фа-шистерге бүйрегі бұрып тұрады. «халық жауының» тұқымы болу керек».

«Пәле қайдан, қала қайдан» деген емес пе? Қолма-қол «ерекше бөлім» офицерлері көліп, тергеуге алынды. Оның соңы әкесінің «банды» болғаны белгілі болып, 58-ші статьямен сотталып кете барды. «Ата салу – жеңіл өлім. Шахтада рудқа қаттып, майданға пайдасы тиіспін... Шахтадан өзі де тірі шықпайды» деп шешті.

Көкек айының жер дүниені жібіткен жұмақ күнінде бұл темір торлы вагонға тоғытылып, Орал тауларынан

асып, ібіліс те іргесін аулақ салатын Ібір-Сібірге қарай салып ұрды емес пе?! Өзі сөкілді істі болғандармен Новосібірге жақындағанда, қарауылдардан «түтқындар ішінде сібірліктер болса, Қазақстанға, ал азиятықтар болса, Сібірге жұмыс істеуге барады» екен деген жауаесетті естіді.

Сол кезде қасындағы Санал деген сұңғыла хақас жігіті «Сен қазақсың, мен хақаспын. Түріміз ұқсап тұр. Новосібірде бізді өр жаққа бөледі. Сен «Санал Оймауыт» дегенде сапта «Мен» деп айғайлап, Қазақстанға баратындар сапына бөлім, мен «Ақбекен Ойсылар» деп сібірліктер сапына кетейін. Төңірім қолдаса, сен өз жеріңе, мен өз жеріме тартамыз» деп ой салғаны.

Құдай бар екен, екеуі екі айырылды. Әлде бір темір жол бөкеті басында қулауды әкеле жатқан «қызыл жағалылар» ауысып, қарауыл атласқан кезде пойыздан пойызға көппен бірге «Оймауытов» болып мініп кете барды... Алпа тағала алқайды, Ақбекен айдаладағы хақас азаматы атанып, алдымен Риддерге, «онда жұмыс жеңілірек» деп Алтайдың меңіреу түкпірлерігеді Чердыяқ қорғасын кенішіне айдады.

Міне, Күршім өңіріндей туған жерге тағдыр айдап табанын тигенде, шахтада «селехоз» бұл аурудан өлшене, Алтай орманында қашып жүріп өлейін деген ой тұтқиылдан келген. Адамға ой келмесін, ой сені алып жемді, болмаса бір-ақ күнде жүзеге асады... Жолы боллаа, Сталиннің тік тұрған алып мүсіні аңдайғалан Чердыяқ кенішінен қыруыйекте қашып кетті.

Қазір қар жалапақтап жауған желтоқсан... Қосқа келді. Суық қарамаған сөн ерікіс ішке енді. Әкесі оянып кетті. Ол май шам жарығында үстін қасынып қойып, барз уақыт үндемей отырды. Ақбекен де аузына су ұрттап алғандай ләм-мімде...

– Неге келдің? – деді көнет әкесі. – Майданда өлемдік бе?!

Ақбекен де жұлып алғандай: – Құдай өлімді қимады, – деп қалды.

– Тышқанша қырылып жатқанда саған ажал құрығы қалай ілінбеді?

– Бәрі сіздің арқаңыз... Бандының баласы деп Сібірге айдды. Қиюың келді, қисының тауып Чердыяқтан бір-ақ шықтық, әке!

– Әке! демей! – деп зілмен айтты Танаш. – Әкесісіз сенің...!

Ақбекен тосылып қалды. – Өтірік айтасың!.. Чердыяққа жіберуі мүмкін емес. – Ол көп өңгіме... Мен паспорт бойынша қазақ емесің, хақаспын.

– Хақас... Хақас емес – қашақсың... Кім болсаң, ол бол Сен өлікісің!

– Сіз бандитсіз... Мен сіз секілді қазақты атқаным жоқ. Өлсем де арым таза... Әке! көнет Ақбекен де тістепін.

– Ой, ақымақ! Кімнің қолы қанды, кімнің тағдыры мәнді? Оны құдай біледі... Ар деме, сен! Арсың!

– Мен енді адам өлтірмеймін, – деді Ақбекен ойлансы: – Жауым болса да өлтірмеймін. Дүшпаным мені өлтірсің. Разымын! Дүшпан қолынан өлу де мәртебе ғой. Ол бірақ пешенемге жазылмапты.

Сөңдейлерге құдай да пешенеге жазбайды. Соғыс – қасиетті құбылыс... Соғыста да абыроймен өле білу керек. Ал сен – арамысід... Жақсы ит те өлім-тің көрсетпейді. Иә, мен өкіметке қарсы шықтым. Бандит атандым. Жеңілдім. Жазамды тарттым. Бірақ өлімді сатқам жоқ... Ажалдан қорқып бұққам жоқ. Он екі жыл отын кестім... Өкпінбеймін!

– Мен де өкібеймін. Бір кісідей соғыстым... Шындық бар болса, – деп беріп еді Ақбекен.

– Қайдағы шындық? Шындық – қан майданда шейіт кеті. Шындық – елге ақ көкірегіңді ашып оралу. Ал сен қашқыңсың... Қашақ... Дезертир, – деп ызалаңды әкесі.

– Сізде «банды» атанып, тау паналап қашқансыз... Қашсам да, қусам да қазақ үшін! Болсам – қазақтың бандысымын... Ақпанның бес жүз үшін Бөкенбайдың Бауырында, қожамбеттің қалың түтіні Алқабектің асуы мен Мархақөлдің жағасында қойша иіріп қырғанда, сәбилерді лақша бауыздап тастағанда, бесатарды қолға алдым. Банды болып атқа қондым.

Әгәр ондай күн тұса, қаруға қазір де қол саларым хақ. Ал сенкіі уят іс... Сүйекке таңба, арга сын. Бас сауғалап қайда барамын дедің сонда? Алдағы ер азамат пен арттағы ел-жұрт жауға Кеңес өкіметі мен Сталин көсем үшін емес, біле білсең, өлім мен жері үшін жанталасып жатыр. Ал сенің түрім... Арам бөз.

Екеуара өңгіме осымен таман болған. Екеуі де ымыртай ойға батып отырған.

Жылқышы бозбала кеушіс ас ішуге келген соң, әкесі тысқа шығып кеткен еді. Ақбекен арқасын керегеге сүйеген қалпы отырды да қойды. Жылқышы жас жігітке де үндемеді... Ол да мұның мұңына ортақтағандай жақ ашпады.

Әкесі қара түн қанатын көрген кезде қосқа қайтып оралды. Жылқышы жасты еріске қайта жұмады да, бұған қарата: – Біз таңға жолға аттанамыз, – деді. – Мен оралғанша мағпа не бо! Бйік басына өрлетпте, сай ішінде болсын. Жел шығып қалса, жалтаңға шығып кетеді. Серек жүр, ит-құсқа са бол!

Түн тыныштығын ешкім де, ештенге де бұзбады. Әкелі-балалы екеуі теріс қараған күйі жатты. Өркім өз ойымен алсыды, өз тағдырымен тартысып жатты.

Бұл соғыс кімге керек? Танаш пен Ақбекендігі қаймама қазаққа ма? Әлде азуы алты қарыс орысқа ма? Әлде қуйықсаны бас қабат неміске ме? Жоқ. Жалпақ дүниені жалмауыздай жалмап, жылпаша жұтқаннан өңгергені он қабат орыс жұртына да, бөктергені бас қабат неміс ұлттыра қарса емес... Қос көсемге керек болды. Батысқа ауыз салу үшін Германия, Сталинге, шығысты шылбырлау үшін Германия Гитлерге керек еді. Сұрапыл соғыссыз, қанды құрбандықсыз ол мәселе шешілмейтін. Соғыс қана шеше алатын. Ақбекен қараңғы қоста осындай бір ой түйді.

Түнделетіп жауған қар бүйректей бұлтпаған Қарабүйрек тауы мен бұйен ауыз Зайсан көліп қымтай түсті. Ақбекен әкесімен өткен суықбауыр өмірін еске алды. Қараңғы қоста қарабауыр тышқанша төрт бүктеліп, көз ілінбей-ақ қойды. Тұзаққа түскен қоян мен құрдың етін жең, қояң құздің шуағы итіп, Алтайдың орманында қашып жүргенде қысатын арам ұйқы да қашып кетті.

Ұйқы қашпай қайтсін?! Әкесінің не ойлағаны бар? Күндізгі өңгіме ауаны ажалға ауыз салып тұр... Бұған енді барар жер, басар тау қалған жоқ. Ажал мұны қақпалып қрылып ойналты. Ақыры азулы әкесінің алдына өкел жыйылты. Жалғыз ұрғы ғой... Бөлім, ажалға қимас!

Ақбекен бүк түскен күйі ұйықтап кеткен. Жанары жұмыла бергені сол еді, әйтеуір бұған солай көрінген,

«Түр!..» деген әкесінің қатқыл да зілді шыққан дауы-сынан шошына ояңған. Таң қараңғысымен орыс ерге қонған...

Жамбасқа жайсыз орыс ері үстінде бозаң дүниеге бет қойған... Жайсыз болса да орысқа телініп, орыс ерге мінгелі қашан бірақ?! Алған беттері ауыл болма-ды. Көл жағасындағы бір уыс балықшылар қыстағы «Аманат» қиыс қалды. Ту сыртында сиыр бүйрегіндей бөлінген Қарабүйрек тауы қарауытады. Ол да май басқандай ұлпа қар жамылып, алып ақ бүйірекке айналдыпты.

Ақбекен қатал әкесінің қайырымсыз кесімін ба-ғамдады. Мейірімсіз сезіміне де тіпсіз мойынсұнған. «Қылша мойным – талша, күйген арым – арша» деп шеші.

Аспан бұлыңғыр тартып тұрса да, ақ шаңқан көл беті таң атысымен жарқырап шыға келді. Үкі балапанының мамығындай үлгілдеген ұлпа көл үстін көрген таңғы аязбен тұяққа ілінбей, шашамен көтеріл-п, қос салт апты соңында борандата қалып жатыр.

Быылғы жылмықты желтоқсан Зайсандай ұлан көлді қауындай қақ жарған Ертістің арынды ағы-сына да жайлы тиіп жатқан сы

Сараптама

Еңбек нарығындағы дағдарыс

Қазіргі еңбек нарығына көз салсаңыз, бір тосын сурет алдыңыздан шығады. Жұмыс беруші маман іздеп шарқ ұрады, ал жас маман түйіндемесін қолтықтап, табалдырық тоздырып жүр. «Жұмыс жетеді» деген сөз бар, бірақ сол жұмыстың сипаты мен мамандықтың бағыты неге қабыспай қалды? Бұл кездейсоқтық па, әлде түйткілді мәселе ме? Бүгінгі мақаламызда осы түйткілді жан-жақты тарқатып көреміз.

Қазақстанда жыл сайын шамамен 250-300 мыңға жуық студент жоғары оқу орындары мен колледждерді бітіреді. Олардың басым бөлігі – гуманитарлық және басқару бағытындағы мамандық иелері. Ал еңбек нарығында сұраныс мүлде басқа жақта.

Тағы бір түйткіл – тәжірибе мәселесі. Жұмыс беруші дайын маман іздейді, ал жас түлекке «еңбек өтілі жоқ» деген желеумен есік жабылады. Теориясы бар, практикасы кем жас – нарық үшін тәуекел.

Аймақтық теңсіздік те назардан тыс қалмау керек. Бір өңірде бос жұмыс орындары жетерлік, екінші аймақта жұмыссыздық.

Сарапшылардың айтуынша, мәселенің шешімі білім беру жүйесін еңбек нарығымен тығыз байланыстыруда. Қандай мамандыққа сұраныс бар, қай салада кадр жетіспейді, осының барлығы оқу орындарының қабылдау саясатында ескерілуі тиіс. Сонымен қатар дуальды оқыту, өндірістік тәжірибені күшейту, жастарды жұмысшы мамандықтарға ынталандыру – уақыт талабы.

Әлемдік еңбек нарығы қалай?

Әлемде «жұмыссыз түлек» мәселесі бұрынғыдан өткір. Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне жүгінесек, бүгінде жаһанда жастар арасындағы жұмыссыздық 12-13 пайыздың төңірегінде. Еуропа елдерінде еңбек нарығы кадр тапшылығын ашық мойындап отыр. 2024-2025 жылдары ЕО-да өндіріс, құрылыс және логистика салаларында 5 миллионнан астам бос жұмыс орны тіркелген. Соған қарамастан жастардың бір бөлігі өз саласында жұмыс таба алмай жүр. Ең төмен жұмыссыздық тіркелген елдердің өзінде де жұмыссыздар мүлде жоқ емес. Мәселен, Жапонияда шамамен 1,7 миллион адам, Оңтүстік Кореяда 900 мыңға жуық азамат тұрақты жұмыспен қамтылмаған.

Бұл елдерде жұмыссыздық «дағдарыс» емес, еңбек нарығының табиғи айналымы ретінде қаралады. Еуропаның экономикасының тірегі саналатын Германияда 2,5-2,7 миллион адам, Францияда 2,3 миллионнан астам азамат, Италияда бұл көрсеткішке келсек, 2 миллионға жуық тұрғын ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген. Азия алыптарының бірі Қытайда ресми жұмыссыздар саны 30 миллионнан асады, оның ішінде 16-24 жас аралығындағы жастардың өзі 12-15 миллионға жуық.

Әлем тәжірибесі қалай шешіп жатыр?

Миллиондаған жұмыссызы бар елдер әлеуметтік тұрақтылықты қалай сақтап отыр? Нәпақа іздеп шарқ ұрғандардың сандық деңгейі шарпып тұрса да, кей елдерде дүрбелең жоқ. Жұмыссыздықтың алдын алу үшін қандай нақты механизмдер іске қосылды? Ең алдымен дамыған мемлекеттерде жұмыссыз қалған адам жалғыз қалмайды. Германия, Франция, Нидерланд сияқты елдерде жұмысынан айырылған азамат бірден әлеуметтік қорғау жүйесіне өнеді. Уақытша жәрдемақы, медициналық сақтандыру, тұрғын үй төлеміне қолдау, бөрі қатар жүреді. Германия бұл олқылықты дуальды білім беру арқылы да азайтты. Елде студенттердің 50 пайыздан астамы оқу барысында-ақ кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді. Соның нәтижесінде түлектердің 80-85 пайызы диплом алғаннан кейін алғашқы алты айда жұмысқа орналасады.

АҚШ-та мәселе басқа жолмен шешіледі. Мұнда соңғы бес жылда қысқамерзімді кәсіби курстар мен қайта даярлау бағдарламасына қатысушылар саны 30 пайызға артқан. Нарықта сұраныс өзгерсе, кадр да соған ілеседі.



Сол себепті АҚШ-та дипломсыз, бірақ нақты дағдысы бар мамандардың жа-лақысы кейде жоғары білімді қызметкерлерден асып түсіп жатады. Ал Жапония мен Оңтүстік Кореяда түлек еңбек ресурсы ретінде ерте жоспарланады. Университет пен корпорация арасындағы келісімдер арқылы студент соңғы курста-ақ болашақ жұмыс орнына бекітіледі. Бұл елдерде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3-5 пайыздан аспайды. Дамушы елдерде жағдай күрделірек.

Латын Америкасы мен Орталық Азия елдерінде жоғары білім алған жастар саны артып келеді. Сараптамалық деректер бір жайтты анық көрсетеді. Әлемде еңбек нарығы диплома емес, өнімділікке сүйеніп отыр. Қай ел осы үрдісті өтерек түсініп, кадр даярлауды нарық талабына бейімдесе, сол мемлекет жұмыссыздықтың алдын алып келеді.

Жұмыссыздық жүгі өңірлерге қалай түсті?

Еңбек нарығындағы жағдайды құр есеппен өлшеу мүмкін емес. 2025 жылғы деректерге сүйенсек, өлімізде 440-450 мыңға жуық азамат жұмыссыздар қатарында. Бірақ бұл жүк облыстарға бірдей түскен жоқ. Оңтүстік өңірлерде жұмыссыздықтың жүгі ауыр. Түркістан облысында 45-50 мыңға жуық адам тұрақты жұмыс таба алмай отыр. Алматы облысында бұл көрсеткіш 35-38 мың адамға тең, ал Жамбыл облысында 25 мыңға жуық тұрғынға жеткен. Мұнда халық көп, жастар басым, бірақ ашылып жатқан жұмыс орындары сол өсімге ілесі алмай келеді.

Ірі қалаларда жұмыссыздық саны салыстырмалы түрде төменірек көрінеді. Алматы қаласында 30-32 мың, Астанада 18-20 мың, Шымкентте 20-22 мың адам жұмыссыз саналады. Дегенмен бұл қалаларда бәсеке жоғары, уақытша және бейресми еңбек үлесі басым, яғни ресми санның әр жағында тұрақсыз табыспен күнелтіп жүргендер аз емес.

Индустриалды өңірлерде жағдай біршама тұрақты. Қарағанды облысында 18-20 мың, Павлодарда 12-14 мың, Қостанайда 13-15 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Өндіріс пен ірі кәсіпорындар бұл аймақтарда әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі тірегіне айналып отыр. Халқы аз және жаңадан құрылған облыстарда жұмыссыздар саны төмен. Ұлытау облысында 4-5 мың, Абай облысында 8-9 мың, Жетісу облысында 10-12 мың шамасында. Алайда бұл өңірлерде еңбек нарығы тар. Сандарды сөйлестек, жұмыссыздықтың негізгі салмағы халық тығыз

орналасқан оңтүстік өңірлерге түсіп отыр. Ал индустриалды және мұнайлы аймақтарда жұмыссыздар саны аздау болғанымен, әлеуметтік тәуекел жоғары. Сол себепті әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін де әмбебап шешім емес, өңірге бейімделген саясат қажет секілді.

Шетелге кету – мәселенің салдары

Соңғы жылдары шетелге жұмыс іздеп кеткен азаматтар саны азайған жоқ. Бұл – біреудің жеке шешімі ғана емес, тұтас қоғамды ойландыратын құбылыс. «Неге өз елінде еңбек етпейді?» деген сауал жиі айтылады. Бірақ мәселенің жауабы да бір ғана себепке тірелмейді. Ең алдымен, табыс айырмашылығы. Қазақстанда орташа жалақы статистикада ескендей көрініменен, нақты өмірде көп отбасы үшін ол күнкөрістің шегінен аса бермейді. Ал шетелге барған адам уақытша қиындыққа көніп, жатақханада тұрып, ауыр жұмыс істесе де, бірнеше айда елде бір жылда таба алмайтын қаржына жинап қайтады. Бұл – шешуші фактор.

2025 жылғы дерекке сәйкес, шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың саны – шамамен 126 мың адам. Ресей – ең танымал бағыт, өйткені тіл жақындық және еңбек нарығы біршама икемді. 102 мыңнан аса отандасымыз жұмыс істейді. Кореяда қазақстандықтар салыстырмалы түрде жалақысы жоғары және өндірістік сипаттағы жұмыстарға кетеді. Шамамен 15 мыңға жуық адам, бірақ зансыз еңбек ету проблемасы бар. Еуропа еліне ағылушылар да жоқ емес, дегенмен саны аз. Тұрақтылыққа ұмтылыс, мамандық пен нарықтың сәйкес келмеуі, аймақтық теңсіздік секілді қосымша факторлар тағы бар.

Мемлекет жұмыссыздықты төмен деңгейде ұстап отыр, әлеуметтік төлемдер, бағдарламалар бар. Бірақ жоғары жалақыны бұйрықпен бекіту мүмкін емес. Жалақы – экономиканың қуатына, еңбек өнімділігіне, бизнес мүмкіндігіне тікелей байланысты. Алайда мемлекетке артылар жауапкершілік те жоқ емес. Сапалы жұмыс орындарын көбейту, өнеркәсіпті дамыту, аймақтар арасындағы теңгерімді түзету – ұзақмерзімді міндет. Осы бағыттар толық іске аспайынша, шетелге кету үрдісі де толық тоқтамайды. Сараптап келе түйгеніміз, шетелге жұмысқа кету – мемлекетке қарсы әрекет емес, адамның таңдауы мен қажеттілігінің түйіскен тұсы. Ал жүйелі саясат қарқынды жүргізілсе, сол мүмкіндікті ел ішінде де қалыптастыру мүмкіндігі жоқ емес.

Аймақтағы ахуал қалай?

Қызылорда өңірінде жұмыссыздықпен күрес толастаған емес. Облыс бойынша статистика орташа көрінгенімен, Сыр бойындағы маусымдық еңбек пен аграрлық тәуелділікті ескерсек, әлеуметтік салмағы жеңіл емес. Аймақта ірі жобалардың жүзеге асырылуының арқасында қазір бұл мәселенің түйіні тарқатылуда.

Жалағаш кентінің бүгінгі келбеті де тіршіліктің тынымсыз ырғағымен өлшенеді. Биыл Жалағаш ауданы бойынша 1925 адам жұмыссыз ретінде тіркелгенімен, оларды жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, жастар практикасы арқылы 135 жас маман алғашқы еңбек жолына қадам басты. Ал 925 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып, өз отбасын жиі табыспен қамтамасыз етуге қол жеткізді. Өз кәсібін ашып, нәсібін адал еңбекпен тапқысы келетіндер де назардан тыс қалмады.

Биыл 134 тұрғынға қайтарымсыз грант табысталып, кәсіпкерлік саласына алғашқы қадам жасауға жағдай жасалды. Әлеуметтік қолдаудың тағы бір бағыты – қоғамдық жұмыстар. Осы бағдарлама аясында 560 адам уақытша болса да табыспен қамтылып, қоғам игілігіне үлес қосты. Сонымен қатар 30 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жолданып, еңбекке бейімделсе, 32 тұрған «Күміс жас» жобасы арқылы өмірлік тәжірибесін іске жаратуға мүмкіндік алды. Ауданда аталған мәселе тек тіркеліп қана қоймай, нақты шешімі тарқатылып келеді.

Бүгінге дейін дамыған елдердің өзі де жұмыссыздықты толық жойып жіберген жоқ. Айырмашылық біреу, дамыған елдерде жұмыссыздық ұзаққа созылмайды, ал еңбек нарығы алдын ала жоспарланып отырады. Бір адам жұмыссыз қалса, оны қайта даярлайтын жүйе бар. Бір салада сұраныс азайса, екіншісіне бағыттаытын тетік іске қосылады. Сондықтан болар, миллиондаған жұмыссыз тіркелгенімен, ол елдерде бұл әлеуметтік дағдарысқа айналмайды.

Адамды елге байлайтын – жалақыдан бұрын ертеңіне деген сенім. Сол сенім бар жерде, еңбек қашпайды, қоғам шайқалмайды. Тақырыпты қозғау арқылы ой салуды мақсат еттік. Себебі сұрақ қойылмайынша шешім табылмайды, ал үнсіздік өзгеріс әкелмейді. Еңбек қадірленген қоғамда ғана тұрақтылық орнығады, сондықтан бұл сөз – бүгін үшін емес, ертеңіміз үшін айтылды.

Гүлжан ЕСЖАН

Жаңадария өңірінде тамыр жайған «Әзілизация» әзіл-сықақ отауы – уақыттың сынынан өткен, өнер жолында өзіндік сұрлеу салған ұжым. Осыдан жиырма жыл бұрын Рүстембек Кошеровтың бастамасымен құрылған шығармашылық отау бүгінде республикалық сахналардың сәніне айналып, ірі байқауларда ел назарын өзіне аударып жүр.

Көрермен көңілін күлкімен көмкерген



Алғашқы қадамнан-ақ ұжым әзілді жеңіл күлкі үшін емес, қоғамның тамырын басар өткір құрал ретінде тандады. Сахнадағы әр көрінісінде ауылдың тынысы, халықтың мінезі, күнделікті тіршіліктің шынайы бояуы көрініс табады. Уақыт өте келе шағын отау үлкен сахнаға жол сапды. Бүгінде «Әзілизация» республикалық деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі орындардан көрініп келеді.

Жаңадария өңіріндегі ауылдық клубтың тарихы алпысыншы жылдардың тынысынан бастау алады. 1964 жылы негізі қаланған қара шаңырақ сол кезеңдерден бері ауыл мәдениетінің алтын өзегіне айналды. Уақыт алмасып, талап өзгерсе де, мәдениет ошағының шамы сөнген жоқ. 2014 жылы «Жаңадария» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ретінде қайта құрылып, ауыл өміріне жаңаша серпінмен оралды. Бүгінде ауылдық клуб қабырғасында үш үйірме тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. Ән үйірмесіне 13 оқушы қатысып, дауыс дарынын шыңдаса, көркемсөз үйірмесіне 10 оқушы жиналып, сахна тілі мен ой айту мәдениетін меңгерсе, қолөнер бағытына бет бұрған 7 оқушы ұлттық нақышты жаңғыртып, шеберлігін шыңдауда.

Жаңадария ауылдық клубы биыл да мәдени-рухани шаралардың ұйытқысы болды. Ұлыстың ұлы күніне арналған Наурыз мерекесі, Балаларды қорғау күні, Республика күні, Қарттар күні секілді атаулы даталар концерттік бағдарламалармен аталып өтті. Ұлы Отан соғысы ардагерінің 100 жылдығына арналған патриоттық ән байқауы мен Конституцияның 30 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатты кеш ауыл өміріне елдік рух дарытты. Сонымен қатар қайырымдылық пен өріктілікке негізделген бастамалар арқылы клуб елмен етене байланысын нығайтты.

Қырқүйектің 25-26 күндері Ақтебе қаласы әзіл мен астарлы ойдың ордасына айналды. Сатира сахнасының саңлағы, сатирик-жазушы, журналист Үмбетбай Уайдиннің 90 жылдығына орай «Екі өз» сатира театрының ұйымдастыруымен «Айтқыштар Ақтөбеде» атты республикалық әзіл-сықақ фестивалі өтті. Күлкі арқылы қоғамды сөйлеткен бұл басқосу өнер мен ойдың мерекесі іспетті. Фестивальге Алматы, Шымкент, Маңғыстау, Атырау, Орал өңірлерінен келген әзіл-сықақ ұжымдары бар. Әр өңір өз үнімен, өз бояуымен ерекшеленіп, көрерменді күлдіре отырып ойландырды. Осы додаға Жалағаш топтырағынан түлеп ұшқан «Әзілизация» әзіл-сықақ отауы да өз өнерін ортаға салды.

Жалпы сайыс екі кезеңнен өтті. Алғашқы күні шеберлік алмасу болса, көлер күні ашық музыкалық интермедия қойдық. Жеті адамнан құралған қазылар алқасы еңбегімізді жоғары бағалады. Бұл – біз үшін, жаңа тәжірибе алаңы болды, – дейді Рүстембек Әбдіғанияұлы.

Иә, жарыстың екінші күні сахнада ашық интермедия қойылды. Бұл көрініс бір сәтте көрерменді карантин уақытындағы үнсіз көшелер мен тұйықталған көшелерге жетелеп әкетті. Өуен ырғағымен қатар ербіген қимыл-қозғалыс сол кезеңнің мазасыз көңіл-күйін астарлап жеткізді.

Сахна – сын. Ал сол сыннан сүрінбей өту үшін үздіксіз ізденіс пен көрерменге деген құрмет керек. «Әзілизация» ұжымы осы ұстанымнан айнымай, ұлттық сатираның салмағын сезіне отырып, өз жолымен келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Нәтижесінде республикалық фестивальде «Асқар Наймантаев» атындағы жүлдені иеленіп, үшінші орынға лайық деп танылды.

4 желтоқсан күні Қостанай қаласында өткен сатирик, жазушы, этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметов атындағы «Мірдің оғы» республикалық әзіл-сықақ театрлары арасындағы байқауда да бұл ұжым өнер көрсетіп, сахна төрінде бой көрсетті. Байқаудың бірінші кезеңінде еркін тақырып ұсынылса, екінші кезеңде авторлық «Тойдан кейін» қойылымы көрермен назарына ұсынылды. Сахнадағы көрініс қазақы тойдың қызуы мен қиқуына ғана емес, дәстүрдің озығы мен тозығына да ой жүгіртті. Әзіл арқылы айтылған шындық көрерменді күлдіріп, ойландырды.

Қойылымның түйіні той мәдениетіне сырт көзбен қарау, барды бағалап, артықтан арылу идеясына саяды. Сатираның салмағын сақтаған бұл жұмыс өңірлер расындағы байқаудан номинация алып берді, – дейді әзіл-сықақ отауының жетекшісі.

Рүстембек Кошеров бұл әзіл-сықақ отауын 2006 жылы құрды. Сол күннен бері ұжым тынымсыз тірліктің бел ортасында жүріп, сахнада да, өмірде де біраз істің басын қайырды. Жылдар өте бұл отау әзілдің ғана емес, ойдың мінберіне айналып, көрерменмен үзілмеген байланыс орнатты. Бүгінде жетекші қоржынында оннан астам авторлық қойылым бар. Әр қойылым – өмірден алынған қоғамның өзекті тұстарын әзілмен өрнектеген дүниелер. Сол өңбектің арқасында әзіл-сықақ отауы уақыт сынынан өтіп, өз көрерменін қалыптастырған шығармашылық ұжымның мерейі биік, беделі бекем. Сахнадағы табанды еңбектің нәтижесі көп күттірмейді ғой. Биылтыр Қазалы ауданында «Еңбегі ерен нар тұлға» атты кино үзінділерін көрсетуден өткен облыстық байқауда бірінші орынды иеленуі – ұжымның шығармашылық әлеуетінің айқын көрінісі. Бұл жеңілісізділді ермек емес, ой айтудың қуатты құралына айналдырған ұжым мәртебесін бұрынғыдан да биікете түсті.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2763 Тапсырыс №2172
--	--	---	--	--